

БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБРАЗОВАНИЯ THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

<https://doi.org/10.31489/2025Ped1/7-19>
ӨОЖ 20.01.45

Мақаланың редакцияға түскен күні: 12.08.2024 ж. | Қабылданған күні: 09.01.2025 ж.

М.С. Балганова^{1*}, Э.Т. Адылбекова², Х.И. Булбул³

^{1,2}Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан;

³Гази университеті, Анкара, Түркия

(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: merrier.85@mail.ru)

¹ORCID 0000-0002-0594-3855,

²ORCID 0000-0003-1471-0137,

³ORCID 0000-0002-6525-7232

Білім беруде аралас оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі

Мақалада информатика мұғалімдерін даярлау барысында білім берудегі аралас оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі қарастырылған. Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, информатика сабақтарында аралас оқыту технологиясын қолданудың артықшылығы, тиімді жақтары теориялық және практикалық тұрғыдан негізделеді. Авторлар мақалада аралас оқыту модельдерінің ерекшеліктеріне, дәстүрлі оқытудың артықшылықтарына, оны жүзеге асыруда қолданылатын цифрлық технологиялардың түрлеріне теориялық шолу жасаған. Оның ішінде ерекше аталатын, төңкерілген сынып пен бекет ротациясы модельдерін қолданудың тиімділігі сипатталған. Бекет ротациясы мен төңкерілген сынып модельдерін сабақта қолданудың жалпы қадамдары ұсынылды, оның тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді. Аралас оқыту моделінің мәні — сынып пен үй жұмыстары кейбір жерлерде өзгереді, яғни оқушы үй тапсырмасы аясында жаңа материалды өз бетінше оқиды, ал сабақта белсенділік тәсіліне негізделген жаңа біліммен жұмыс ұйымдастырылады. Үйде оқушылар онлайн оқытудың теориялық материалымен танысады, сабақта тақырыбы бойынша курстың практикалық тапсырмаларын орындайды, бұл өзін-өзі бақылау мен рефлексияны ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім сабаққа дейін орындалған тапсырмалардың сапасы мен көлемін, оқушыларда туындаған мәселелерді талдайды. Бұл «әлсіз жерлерді» көруге және сабақта жағдайды түзету әрекеттерін жасауға мүмкіндік береді. Әрине, бұл модельдердің барлығы әзірленген онлайн оқытудың болуымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан Stepik.org платформасында әзірленген оқыту курсы қолдану нәтижесі келтірілді.

Кілт сөздер: зерттеу қызметі, аралас оқыту, білім алушы, маман даярлау, төңкерілген сынып, бекет ротациясы, онлайн оқыту.

Kipicne

«Цифрлық Қазақстан» үкіметтік бастамасы елімізде 2017 жылы енгізілді және мақұлданды. Бұл бастама барлық кәсіпорындарға цифрлық технологияларды енгізетін және барлық салаларда интернетке толыққанды қол жеткізуді ұсынатын ІТ индустриясына ерекше назар аударады, ІТ саласында білікті мамандарды дайындау ең өзекті мәселе болып көтерілді.

2023 жылы Президентіміз Қ.Ж. Тоқаев: «...Біз цифрлық тенденцияларды басқару цифрлық сауаттылық пен білімге деген көзқарасымызды өзгертуді талап ететінін мойындауымыз керек. Түпкі мақсат — цифрлық өсуге бағытталған креативті қоғам құру. Біздің халқымыз жаңа идеяларды, жаңа ойлау және құру тәсілдерін қабылдауы керек...» дей келіп, ол цифрлық сауаттылықтың өсуіне негізделген жаңа өркениеттің құрылуы әлемдік экономикада бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету

үшін қажет екенін атап өтті [1]. Ол үшін білім беру жүйесі оқытудың жаңа технологияларына бейімделуі керек. Сонымен қатар, қоғамның мүдделеріне және экономиканың өнеркәсіп пен өнертабысқа деген қажеттіліктеріне сәйкес жаңғырту елдің білім беру жүйесін дамытудың басты басымдығы. Өмір бойы оқыту білім берудің барлық деңгейлері бойынша адамның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін түрлі мүмкіндіктер жасау арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық қоғамдастық мазмұнды білімнің ерекше тасымалдаушыларымен де, ұйымдастырудағы артықшылықтарымен де білім беру мүмкіндіктерін белсенді түрде қарастырады. Мұны педагогикалық құралдар жиынтығы мен жұмыс түрлерін кеңейту, түрлі деңгейдегі білім алушылардың заманауи технологиялардың көмегімен сапалы білім деңгейін арттыруға қол жеткізуі деуге болады. Осы мақсатта үлкен жұмыстар атқарылуда.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту, ғылым мен білімнің жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру және цифрлық технологияларды енгізу Қазақстан Республикасында ғылым мен білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі. Бұл мақсатқа жету үшін мемлекетіміз оқытудың жаңа инновациялық әдістерін енгізу, оқу бағдарламаларын жаңарту арқылы білім беру жүйесін дамыту керектігін айтады. Білім беруде оқытудың тиімді, заманауи әдістеріне аралас оқыту технологиясын жатқызуға болады. Қазіргі таңда Қазақстанда аралас оқытудың мәселелері зерттеліп жатыр. Жаңа технологияларды пайдалану арқылы білім беру процесін жетілдіру мен көмек көрсетудің тиімді жолы — аралас оқыту технологиясын қолданып білім беру. Аралас оқыту технологиясы келесі элементтерді қамтиды:

- оқыту барысында оқытушы мен білім алушы арасында жеке оқыту жүргізіледі;
- білім алушы онлайн — білім беру платформаларының көмегімен курстың мазмұнын дербес оқиды және жетілдіреді;
- білім алушы өз бетінше ізденіп, білімін тереңдетеді, толықтырады және т.б. Бұл компоненттер біріктірілгенде аралас оқыту жүйесі білім алушыларға әр түрлі тәжірибе беретін орта түзеді.

Біз аралас оқыту модельдерінің информатика пәнін оқытуда қалай қолданылатынын зерттеу орынды болар еді деген қорытындыға келдік.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты — білім берудегі аралас оқыту мәселесін зерттеу, аралас оқыту әдістерінің тиімділігін дәлелдеу, білім алушылардың оған қалай қарайтынын анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысымызда информатика пәнінен 8-сынып бойынша «Бағдарламалау» бөлімін оқып-үйренуде аралас оқыту модельдерін пайдалану әдістері, оның ішінде бекет ротациясы мен төңкерілген сынып модельдерін интеграциялау әдістері, модельдерді бірге қолданудың тиімді жақтарын көрсету мәселелерін қарастырамыз.

Білім алушыларға аралас оқыту модельдерін білім беруде, маман даярлауда қолданудың және оларға жүргізілген сауалнаманың өзіндік зерттеуінің негізгі нәтижелері берілді. Нәтижелерді талдау негізінде білім алушыларға төңкерілген сынып және бекет ротациясы модельдерін қолданудың тиімділігін анықтау және қолдау әдістемесін әзірлеудің өзектілігі дәлелденді. Онда аралас, яғни гибриді оқыту әдістерін қолданатын білім алушылар өздерінің кәсіби қабілеттерін қалай нығайта алатындығы зерделенген.

Бүгінгі таңда қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, электронды оқыту мен дәстүрлі оқыту жүйесін дамытудың негізі ретінде танылған онлайн оқыту туралы айтуға болады. Онлайн оқытуды білім беру практикасына енгізу талқыланатын жарияланымдардың көпшілігі курстарды жоғары оқу орындарының оқу процесіне қолдану мәселесіне арналған. Бұл ретте онлайн оқыту білім алушылардың аудиториядан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы ерекше маңыздылығын атап көрсетеді (Миронов А.В., 2019), (Бакулина И.Р., 2019), (Зубков А.Д., 2020) және тағы басқалар [2], [3], [4].

Онлайн оқыту білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жоғары деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Ол білім алушылардың талаптары мен өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың жақсарғанын көрді, бірақ сонымен бірге мұғалімнің сапа деңгейін көтерді (Черкашина И.П., Цибульникова В.Ю., 2018). Оқушыларды ынталандыру олардың білім сапасын арттырудың қажетті шарты болып табылады [5].

Онлайн оқыту синхронды және асинхронды оқытуды біріктіретін оқыту стратегияларын пайдаланады:

- синхронды оқыту, яғни, мұғалімнің қатысуымен (бетпе-бет) өтетін оқыту түрі;

- асинхронды оқытуға — онлайн ортада немесе офлайн кеңістікте өзін-өзі оқыту.

Синхронды оқыту форматы нақты уақыттағы ынтымақтастықты қамтиды. Оның артықшылығы бұл қатысушыларды бірден және белгілі бір уақытта тарта алады. Оқытушы — білім алушы үздіксіз байланыста болады. Синхронды форматта оқу процесіне қатысушылар бейне немесе аудио байланыс арқылы байланысады, сонымен қатар чатта байланыс болады. Бұл форматқа виртуалды сыныптар, конференциялар, вебинарлар, онлайн-тренингтер түрлері кіреді. Синхронды оқытудың артықшылығы — жылдам кері байланыс, топтық әрекеттерді ұйымдастыру мүмкіндігі, қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту, қарым-қатынас процесінде оқуға ынталандыру. Синхронды форматтың кемшіліктерінің арасында мыналарды атап өтуге болады: сабақ кестесіне және жалпы оқу қарқынына бейімделу қажеттілігі; белгілі бір оқытушының кәсіби қасиеттерінің оқу процесінің сапасына айтарлықтай әсері; мұғалімнің басқа білім алушылармен қарым-қатынас жасауын күту; сабақтарды өткізу кезінде кеңейтілген техникалық жабдықтау және интернет байланысының тұрақты сапасы қажет.

Асинхронды формат оқу ақпаратын берудің әртүрлі құралдарын қамтиды (электронды құралдар, презентация материалдары, аудио және бейне дәрістер, т.б.). Асинхронды оқыту форматының артықшылығы: білім алуға үміткерлерге оқытуды жұмыспен үйлестіруге мүмкіндік беретін оқытудың оңтайлы қарқыны мен уақытын таңдауға мүмкіндік береді; өзін-өзі ұйымдастыруды дамыту және оқу қабілеті. Асинхронды форматтың кемшіліктеріне мыналар жатады: білім алушы мен оқытушы арасындағы аз динамикалық кері байланыс; өзін-өзі оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың жоғарылауы (Гречушкина Н. В., 2018) [6].

Еліміздің қашықтықтан оқытуға қажетті онлайн оқытудың порталдары бар. Оларға мыналар жатады: OpenAlmaU, Narxoz, Open KazNU, OpenU.kz, Neupusti.net, Kundelik.kz, Ustudy, Academia.kz және Қостанай жоғары политехникалық колледждерінің оқыту жүйесі.

– OpenAlmaU — Алматы менеджмент университетінің жаппай ашық онлайн курстары;

– Narxoz Online — Нархоз университетінің онлайн оқыту орталығы;

– Open KazNU — әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ашық онлайн курстарының ауқымды платформасы;

– OpenU.kz — Қазақстанның Ашық университеті, еліміздің жетекші оқытушыларының онлайн-курстары;

– Neupusti.net — жастарға арналған гранттар, тағылымдамалар, семинарлар, тренингтер және бос жұмыс орындары туралы ақпараты бар портал;

– Kundelik.kz — оқушыларға арналған онлайн-күнделік;

– Ustudy — мектеп оқушыларын емтиханға және ҰБТ-ға дайындауға арналған тестілеу орталықтары;

– Academia.kz — педагогикалық шеберліктің виртуалды зертханасы.

Бірақ, олардың барлығының құрылымы және пайдалы ақпараттың көп еместігі ортақ мәселе болып отыр. Қазақстандағы EdTech нарығы өзінің дамуының басында тұр және инновациялар үшін үлкен әлеуеті бар, өйткені қазіргі дәстүрлі білім беру қазіргі әлемнің қажеттіліктеріне әрдайым жауап бере бермейді. Білім беру жүйесінің барлық кезеңдері — EdTech mainstreaming-де EdTech-ті мемлекеттік қолдау және құрылымдық енгізу қажет деп есептеледі.

Қашықтықтан оқыту үшін цифрлық білім беру ресурстарын құру, еліміздің жетекші оқытушыларының қатысуымен оқыту бейнелерін орналастыру, жасанды интеллект бойынша мамандар санының өсуі және өз ісіне берілген адамдардың көп санын тарту — мұның бәрі ұлт алдында тұрған маңызды мәселелер. Алайда, қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану барысында білім алушы көп жағдайда жоғары нәтижеге жетпеуі мүмкін, себебі ол өз бетінше оқыған тақырыпты жетік меңгере алмауынан курсты толық аяқтамауы, курсты өз бетінше оқу барысында туындаған мәселелерді шеше алмауынан оқуға деген қызығушылығы төмендеуі және т.б. мәселелер туындайды. Сондықтан да, қазіргі кезде дәстүрлі оқыту мен қашықтықтан оқытуды біріктіретін аралас оқыту технологиясын оқу үдерісіне ендіру шынымен де өзекті. Олай болса, аралас оқыту жайлы ғалымдардың ғылыми зерттеулерінен келтірейік.

Аралас оқытуды Пун ХХІ ғасырда орын алатын білім берудегі үздік трендтің бірі ретінде дамуы мүмкін деген қорытынды жасады (Роон J., 2014) [7].

«Аралас оқыту» тіркесі бұрын электрондық оқыту әрекеттері мен сыныптағы оқытумен байланысты болды (Graham C. R., et al., 2013) [8]. Сәйкесінше, аралас оқыту дәстүрлі бетпе-бет және электронды оқыту парадигмасының бірігуі болып табылады (Wong L., et al., 2014) [9].

Аралас оқыту білім алушыларға алгоритмдік және сындарлы ұтымды дағдыларды қалыптастыруға, оқыту сапасын арттыруға, әлеуметтік тәртіпке қол жеткізуге, ал мұғалімдерге педагогикалық мақсаттарға жетуге көмектесетін, онлайн және бетпе-бет оқытуды ұштастыратын нұсқаулық болып табылады (Subramaniam S.R., & Muniandy B., 2019) [10]. Аралас оқыту әртүрлі жеткізу әдістерін, оқыту стильдерін және оқыту түрлерін біріктіруді талап етеді (Kaur M., 2013) [11].

Нәтижелері мен оларды талқылау

Алғаш рет аралас оқыту принциптерін ХХ ғасырдың 60-жылдары жоғары білім беру жүйесінде интернет арқылы оқытуда қолданылып, ХХІ ғасырдың басынан практикаға ене бастаған. Оның нақты анықтамасы жоқ. Дегенмен, осы бағытты зерттеуші ғалымдар түрлі анықтама береді. Bonk өз зерттеуінде күндізгі оқу, яғни бетпе бет оқыту мен компьютерлік құралдар арқылы оқытуға негізделген оқыту жүйесі екенін негіздеді. Reay аралас оқытуды дәстүрлі және онлайн оқытудың гибридті түрі деп тұжырымдады. Білім алушының оқу траекториясын, уақытын, орнын және жылдамдығын дербес басқару және оқытушы мен білім алушы арасындағы онлайн оқыту тәжірибесін біріктіру — нұсқаушыны тарта отырып, аралас оқыту үлгілеріне енгізілген. Аралас оқытудың бірнеше модельдері бар, соның ішінде: төңкерілген сынып моделі (*inverted class model*), бекет ротациясы моделі (*station rotation model*), зертханаларды ротациялау моделі (*lab rotation model*), икемді модель (*flexy model*), жеке ротация моделі (*individual rotation model*) және т.б.

- *төңкерілген сынып моделі (inverted class model)* — оқытушы білім алушыға үйде оқыту үшін теориялық ақпарат беретін, содан кейін алған білімдерін сабақта бекітетін әдіс;

- *бекет ротациясы моделі (station rotation model)* — сабақ өткізу үшін оқушылар үш топқа бөлінетін модель: оқытушымен жұмыс, онлайн жұмыс тобы және жоба жұмысы, мұнда әр топ сабақ бойы өз орнын алады. Оқушылар желіден тыс онлайн оқыту мен қалыпты оқу кестесі арасында ауысады. Жұмыс аймақтарын ауыстыру — станцияларды ауыстырудың тағы бір термині;

- *зертханаларды ротациялау моделі (lab rotation model)* — қарапайым сыныптарда бірнеше сабақ өтетін (фронтальды жұмыс) модель, ал дәстүрлі сыныптағы сабақтан кейін білім алушылар компьютерлік сыныпқа (зертханаға) ауысады, онда олар компьютерлерде немесе планшеттерде жеке жұмыс істейді, оқу бағдарламасы цифрлық платформа арқылы тұрақты физикалық жерде ұсынылады, білімдерін тереңдетеді немесе бекітеді;

- *икемді модель (flexy model)* — бұл мектептің және оның оқытушыларының жан-жақты қатысуын, әр оқушыға жеке оқу бағдарламасын ұсынуды, өз білімінде автономияның үлкен дәрежесін және жеке кеңес беру мен көмекке үнемі қол жеткізуді қамтиды;

- *жеке ротация моделі (individual rotation model)* — білім алушылар станцияларды мұғалім немесе бағдарлама (алгоритм немесе жасанды интеллект) белгілеген жеке кесте бойынша жылжыта алады деп болжайды, мұғалім барлық нұсқауларды береді, оларды цифрлық құралдармен толықтырып отырады.

Осы модельдердің ішіндегі ең танымалы, әрі жиі қолданылатыны төңкерілген сынып және бекет ротациясы модельдері. Біз зерттеу жұмысымызда төңкерілген сынып және бекет ротациясы модельдеріне талдау жасаймыз.

Төңкерілген сынып моделінің қолданысқа кеңінен енуіне себеп болған 2008 жылы құрылған «Хан Академиясы» жобасы. www.khanacademy.org сайтында математика, физика, химия және т.б. пәндердің сапалы бейнедерістері қолжетімді болды. Салман Ханның тәжірибесін алғашқылардың бірі болып жүзеге асырған американдық химия пәнінің мұғалімдері Джонатан Бергман мен Аарон Самс болды. Олар денсаулығына байланысты сабаққа қатыса алмаған балалар үшін өздерінің бейнедерістерін жазып, білім алушыларға қолжетімді ету арқылы төңкерілген сынып моделін қолдануға жол ашты деуге болады.

Оқушылар сыныпта практикалық тапсырмаларды орындайтын және үй теориясын өз бетінше талдайтын дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, төңкерілген сынып моделі аралас оқытуға қарапайым тәсілді қамтамасыз етеді. 3-сыныптан бастап оқушылар бұл модельді қолдана алады. Білім алушы теориялық материалды өзіне ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде аудио, видео, мәтін түрінде қолда бар гаджет арқылы меңгере алады. Бұл модельдің жақсы жұмыс істеуінің себебі — білім алушы өз бетінше оқиды, сөздіктерді, анықтамалықтарды, интернетті және оқулықтарды пайдалану арқылы өзіне деген сенімділікке ие болады; ол сонымен қатар материалды түсінбеу қорқынышын женеді және аудитория алдында көбірек жаттығады. Сонымен қатар, мұғалім әр білім алушымен оның деңгейіне және жеке қажеттіліктеріне қарай жеке жұмыс істейді және жаңа ақпаратпен танысуға

уақыт жұмсамайды. Төңкерілген сынып моделі білім беру жүйесінде қолданылатын жаңа технологиялардың бірі болып саналады, дегенмен бұл тақырып аясында зерттеу жүргізетін ғалымдар мен мұғалімдер бар. Олардың ішінде информатика пәнін оқытуда қолданып жүрген (Ремизова Е.Г., 2014) [12], (Касимова О.А., 2017) [13], (Живова Т.Ю., 2018) [14], (Круподерова Е.П., 2019) [15] және т.б. айтуға болады. Жоғарыдағы келтірілген талдаулардан біз төңкерілген сынып моделін қолданудың қадамдарын 1-кестеде ұсынып отырмыз.

Жаклин О'Флахерти мен Крейг Филлипстің зерттеуіне сәйкес, сыныптағы оқытудың төңкерілген сынып моделін қолданатын оқытушылар оқушыларға пассивті оқыту күйін белсенді күйге ауыстыру арқылы жаңадан алынған ақпаратты қолдануға көбірек уақыт пен мүмкіндіктер беруге тырысады (O'Flaherty J., Phillips C., 2015) [16]. Нәтижесінде, төңкерілген сыныпта екі оқу кеңістігі (құрамдас бөлігі) бар: көбінесе онлайн режимінде табуға болатын жеке оқу кеңістігі және әдетте жеке табуға болатын интерактивті оқу кеңістігі. «Дәстүрлі дәріс залында ғана емес, сонымен қатар техникалық жабдықталған аудиторияларда, студияларда, зертханаларда, компьютерлік сыныптарда, конференц-залдарда, ашық ауада немесе онлайн оқу кеңістігінде әртүрлі физикалық нысандардағы төңкерілген аудитория курсы». Бұл тәсіл арқылы табысқа жеткен Лонгтың (Long, 2016) зерттеуімен сәйкес келеді. Осы екі педагогикалық әдістемені біріктіру үшін Гонконг университетінің білім алушыларының біліктілігін арттырудың бірнеше қадамдарды ұсынды, мұнда қысқаша келесідей келтіріледі. Жалпы жұмыс принципі: төңкерілген сыныптың негізгі жұмыс стратегиясы екі әрекетті бірінен соң бірін ұйымдастыру болып табылады. Олар:

✓ бірінші әрекет: оқытушыларға дәріс материалдарына қол жетімділікті қамтамасыз ету ұсынылады, яғни оларды білім алушылармен бетпе-бет сабақты жоспарламас бұрын дәріс материалдарымен бөлісіп, жүктейді. Білім алушылар ақпаратты игеру үшін дәріс материалдары ұсынылады. Осы уақыт ішінде білім алушылар мұғалімдерге бетпе-бет сабақ кезінде сұралуы мүмкін қиындықтарын (мазмұн/тақырып) анықтауы керек.

1 – кесте

Төңкерілген сынып моделінің орындалу қадамдары

Төңкерілген сынып моделі		
	Мұғалімнің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
Үйде	Теориялық материалды мәтін және интерактивті видео түрінде дайындайды.	Теориялық материалды оқып, интерактивті видеоны қарап сұрақтарға жауап береді.
	Интерактивті жұмыс дәптерінде тапсырма құрастырады.	Интерактивті жұмыс дәптерінде тапсырманы орындайды.
	Онлайн тест дайындайды.	Онлайн тест сұрақтарына жауап береді.
	Барлығын бір платформаға (https://stepik.org/) жинақтап, сілтемесін білім алушыға жібереді.	Нәтижесін платформа (https://stepik.org/) арқылы мұғалімге жібереді.
Сыныпта	Теориялық материалды меңгергендігін білу мақсатында интерактивті сұрақ дайындайды.	Теориялық материалға байланысты интерактивті сұраққа жауап береді.
	Интерактивті видеоға жауап берген нәтижені экранға шығарады, талқылайды.	Өз ойларымен бөліседі, пікір-талас жүргізеді.
	Интерактивті жұмыс дәптерінде орындалған тапсырма экранға шығарады, талқылайды.	Қатемен жұмыс жасайды.
	Орындалатын тапсырманы түсіндіреді, оның орындалуын ұйымдастырады.	Тапсырманы орындайды, нәтижесін талқылайды.
	Сабақты қорытындылап, бағалайды, рефлексия жүргізеді.	Тақырыпты қорытындылайды.

✓ екінші әрекет: бетпе-бет сабақ кезінде мұғалімдер білім алушылардың сұрақтарына жауап алуына мүмкіндік береді. Білім алушылардың түсінбеушілігі бетпе-бет оқыту кезінде анықталады. Бұл түсінбеушілік жеке оқытудың бірінші кезеңінде туындауы мүмкін. Әр оқушы сабақ алғанға дейін мұғалім сынып сұрақтарына жауап береді.

Чиу-Лин Лай және Гво-Джен Хван зерттеуінде төңкерілген сыныпта мұғалім жай ғана ақпаратты жеткізудің орнына білім алушыларға көмектеседі, ал білім алушылар өздерінің оқу үдерісіне жауапты болады және өздерінің оқу қарқынын басқаруы керектігін атап өтеді. Сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстарды ауыстыруға мүмкіндік беретін, оқытушылар мен білім алушылар арасындағы нәтижелі

тәжірибе мен өзара әрекеттесуге ықпал ететін белгілі оқыту стратегиясы — төңкерілген сынып. Алайда, оқушылардың көпшілігі сабақтан тыс уақытта өзін-өзі реттеу дағдыларының болмауына байланысты оқу материалдарын өз бетінше оқып, түсіне алмайды. Оқушылардың сыныптағы құрдастарымен және оқытушыларымен қарым-қатынас жасауы үшін бұл зерттеу білім алушыға сабақ алдында оқу материалын тиімді оқып, түсіну үшін сыныптан тыс сабақтарын жоспарлауға көмектесетін өзін-өзі реттейтін төңкерілген сынып стратегиясын ұсынады (Lai, C.L., Hwang, G.J., 2016) [17].

Ал Бекет ротациясы моделін 1-сыныптан бастап қолдануға болады. Сонымен қатар, 1-сынып оқушылары персоналды айналдыру парадигмасын қолдана алады. Оқытудың үш түрлі аспектісі қарастырылады: нұсқаушымен жұмыс, жобалық жұмыс және онлайн оқыту. Осы үш оқу орнында берілген тапсырмаларды орындау әр оқушы үшін міндетті болып саналады. Бұл тәсілді қолдану үшін білім алушылар топтарға бөлінеді. Әр топ дәріс барысында белгілі бір уақыт аралығында станцияларда берген тапсырмаларын орындайды. Олар әр станцияда болуы керек, станциялар мен курстар арасындағы уақытты тиімді пайдаланады. Мысалы, бір топ мұғаліммен жұмыс істегенде, екінші топ компьютердегі тапсырмаларды орындау үшін онлайн платформаны пайдаланады, ал үшінші топ топтық жобаларды аяқтайды. Нәтижесінде әр топтың оқушылары тапсырмаларды орындау үшін әр жұмыс орнына кезекпен келеді. Бекетті ротациялау моделінде оқытушымен жұмыс туралы жариялаудың мақсаты әр оқушыға пайдалы кері байланыс беру.

Онлайн оқыту туралы жариялаудың мақсаты — әрбір оқушыға көбірек хабардар болуға, өз уақытын ақылмен басқаруды үйренуге, тәуелсіз қызметкер болуға және жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік беру.

Жобалық жұмыстың мақсаты — оқушыларға өз білімдері мен дағдыларын жаңа жағдайда пайдалануға, қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға және құрдастарынан кері байланыс алуға мүмкіндік беру. Осы алаңдардың әрқайсысында оқушылардың танымдық белсенділігінің өсуі үшін жағдайлар жасалуы тиіс. Сонымен қатар, әр саланы зерттеуге кететін уақыт тапсырманың күрделілігіне байланысты анықталуы керек, өйткені оны орындау нәтижесінде білім алушылар сапалы білім алады деп болжанады. Дегенмен осы модельдің мақсаттарына сәйкес білім алушылар әр салада өткізілетін іс-шаралар мен мақсаттарын түсініп қана қоймай, сонымен қатар сабақтың мақсаттарына жету үшін қажетті әрекеттерді сезінуі, түсінуі және орындауы керек. 2-кестеде бұл модельдің дәрісте қалай қолданылатыны туралы мысал келтірілді.

Онлайн және дәстүрлі оқытуды біріктіретін білім беру жүйесі аралас оқыту технологиясы ретінде белгілі. Дәл осы себепті мақалада аралас оқыту үлгілері және оларды онлайн оқу ортасында қалай пайдалануға болатыны қарастырылады.

Виртуалды оқу ортасы аясында Stepik.org платформасы аудитория мен аралас оқыту технологиясын, төңкерілген сынып және бекет ротация парадигмасын пайдалануға мүмкіндік береді. Платформаның барлық аспектілері жақсы ойластырылған болуы үшін оқушының оған қол жеткізуі маңызды. Аралас оқытуда онлайн оқыту орталары маңызды рөл атқарады. Оқытушылар онлайн платформаларды пайдалана отырып біліктілігін арттырады және аралас оқыту жағдайында пәндік деңгейде оқу материалдарын әзірлеу стратегияларын жетілдіреді.

Р.И. Кадирбаева өз еңбегінде аралас оқытуда онлайн білім беру платформаларын пайдалануды, оны оқу процесіне енгізудің тиімділігін атап көрсетеді (Кадирбаева Р.И., Бедбаева М., 2022) [18].


Аралас оқыту әдістерін енгізу кезінде әртүрлі онлайн-сервистер мен цифрлық оқу материалдарын пайдалануға болады, соның ішінде:

- білім беруді басқару жүйелері мен оқу платформалары (Stepik.org, LMS, Moodle, Google Classroom, Theworkademy.com, Udemy, Prometheus, EdEra, EdModo, т.б.);
- оқу объектілерінің сандық топтамалары (Хан академиясы, BilimLand, Daryn Online, т.б.);
- онлайн оқыту курстары (Coursera, EdX, Duolingo, Codecademy, т.б.);
- бейне және аудио кездесулерге арналған құралдар (Google Meet, Zoom, Skype, BigBlueButton, Microsoft Teams, т.б.);
- оқу материалдарын динамикалық визуализациялауға арналған құралдар мен интерактивті тақталар (Padlet, Jamboard, Twiddla, MIRO, Awwapp, IDroo, Whiteboard Fox, Conceptboard, Groupboard, NoteBookCast, Drawchat, Limnu, Ziteboard, Realtimeboard, Linoit, Explain Everything, Figma Jam, т.б.);
- контент пен оқу объектілерін жасау және жариялауға арналған құралдар (Kahoot, Quizlet, т.б.);

- экранды жазатын скринкаст жасау құралдары (Bandicam, Screencast-o-matic, Loom, т.б.);
- мультимедиялық жұмыс парақтарын құруға арналған құралдар (Wizer.me, Classroomscreen, Web.seesaw.me, Formative, Classkick, Nearpod, Thinglink, Wixie, Classflow, т.б.);

2 – кесте

Бекет ротациясы моделінің орындалу қадамдары



- инфографика жасау құралдары (Canva, Google презентация, Easel.ly, Infogram, Vizualize.me, Piktochart, т.б.);
- байланыс және кері байланыс құралдары (Mirapolis, Vebinar.ru., Skype, Google, Telegram, Viber, email, Messenger, түрлі менеджерлер мен чаттар, т.б.);
- геймификация құралдары, викториналар, кроссвордтар, оқу ойындарын жасауға арналған құралдар (Puzzle, Wordwall, Proprofs, Jigsawplanet, Classtools, т.б.);
- серіктестік құралдары (Google Docs, Word Online, т.б.);
- онлайн сауалнамаларды жүзеге асыруға арналған құралдар (Quizizz, Quizlet, Classmaker, Get.pickers, Kahoot, Easytestmaker, т.б.);
- қауымдастық құру құралдары (түрлі әлеуметтік желілері);
- оқу қызметін ұйымдастыру құралдары (электронды журналдар, Kundelik.kz, т.б.).

Осы аталған ресурстарды біз аралас оқыту модельдеріне қолдану арқылы олардың тиімділігін анықтауды жөн көрдік. Платформаны таңдау курс форматына, мақсатты аудиторияға және бюджетке байланысты болды. Таңдау алдында әрбір платформада егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізіп, олардың қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін бағалау қажет. Олардың ішінде біз жақсы таңдау ретінде Stepik.org алдық.

Stepik.org бұл физика, математика, информатика және бағдарламалау сияқты әртүрлі салаларда виртуалды білім беруді дамытуға және қамтамасыз етуге арналған платформа. Төменде Stepik платформасының негізгі мүмкіндіктеріне қысқаша шолу берілді:

- платформа жаратылыстану, технология, инженерия және математика (STEM) курстарына бағытталған, бұл оны осы пәндердің білім алушылары мен оқытушылары арасында танымал етеді;
- оқу курстары ашық болуы мүмкін, бұл көптеген білім алушыларға білім беру ресурстарына тегін қол жеткізуге мүмкіндік береді;
- платформа курс әзірлеушілері үшін де, білім алушылар үшін де тегін;
- платформа интерактивті тапсырмалар, тесттер және кері байланыстың түрлерін жасауға мүмкіндік береді;
- бұл әр курс бойынша форумдар мен әңгімелерді қолдау арқылы білім алушылардың қатысуын жеңілдетеді;
- оқу курстарын платформаны пайдаланатын басқа платформалармен және жүйелермен біріктіру арқылы процесті автоматтандыруға болады.

Stepik.org платформасында аралас оқытудың модельдерінің шарттарына сай ұсынылып отырған 8-сыныптың «Информатика» сабағының «Циклдар» бөлімі бойынша онлайн оқыту 6 аптаға есептелді. Ол жеті модульден тұрады. Жинақта ұсынылған дәрістер мен семинарлар 8-сыныпқа арналған мектептің «Информатика» сабағының бағдарламасына сәйкес материалды қамтиды. Бұл әзірленген Python онлайн оқыту курсы — аралас оқыту кезінде қолдануға арналған. Өзге курстардан артықшылығы — оның ішінде аралас оқыту модельдері, яғни бекет ротациясы мен төңкерілген сынып, геймификация немесе ойын элементтерінің болуы, дәлірек айтқанда:

- балдық жүйе;
- курс өтушілердің рейтингісі;
- жеке аватарлар;
- рөлдер;
- кейбір тапсырмаларға ойын элементтерінің қосылуы.


Онлайн оқыту курсы әзірлеу барысында тәжірибе жинау және пайдаланушыларды қызықтыру мақсатында көптеген оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдістері талданды және онлайн оқытуды құрастыру барысында қолданылды. Олар:

